

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Жаратылыстану және география институты

**Ботаника және жалпы биология кафедрасының тәрбие жетекшілерінің
1-ші жарты жылдықта орындаған тәрбие жұмыстарының есебі**

2016/2017 оқу жылы

Кафедраның тәрбие жетекшілерінің тізімі:

№	Тәрбие жетекшілері	Тобы	Студенттер саны
1.	Айдарбаева Д.К. б.ғ.д. профессор	1 БК, 2 топ, 1 топша	10
2.	Кенжебаева З.С.	4 БК 2 топ, 3 топша	7
3.	Шалабаев Қ.Ы.	4 БК 1 топ, 3 топша	9
4.	Загриценко И.П. б.ғ.к. доцент	2 БНК 2 топша	9
5.	Мусаев Қ.Л. б.ғ.к. доцент	3 БК (СПО)	11
6.	Нарымбетова Ұ.М. б.ғ.к., доцент	4 БК 3 топ, 3 топша	9
7.	Исабеков Б.М. б.ғ.к., аға оқытушы	1 БК, 2 топша	10
8.	Байжигитов Д.К. б.ғ.к., аға оқытушы	3 БК 2 топ, 3 топша	8
9.	Майматаева А.Д. аға оқытушы	1БК 1 топ, 1 топша	10
10.	Джунусова Р.Ж. аға оқытушы	2 БНК 1 топша	9
11.	Бухарбаева Ж.М. аға оқытушы	1 БК СПО	9
12.	Атраубаева Р.Н. аға оқытушы	3 БК 3 топ, 2 топша	12
13.	Саимова Р.У. оқытушы	2 БК 2 топ, 2 топша	12
14.	Қауынбаева Э. оқытушы	3 БК 1 топ, 2 топша	9
15.	Аманбекова Д.М. оқытушы	2 БНК 3 топша	8

Тәрбие жетекшілігі жұмысының ұйымдастырылу деңгейі

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамынан «биология» мамандығы бойынша өзімізге тиесілі 15 топшаға тәлімгерлік міндет алдық. Әр топшада 7-12 студенттен бөлінді. Тәрбие жетекшісі міндетіне 1 курстан бастап 4 курсқа дейінгі аралықта белгіленеді. Кафедра меңгерушісінің ұсынысымен және директорат бұйрығымен тағайындалды. Кафедраның тәрбие жетекшілері студенттермен өте тығыз байланыста бола отырып, жұмыс жасады. Студенттермен жүргізілген тәрбие жұмысы әр салада және әртүрлі.

1. Мемлекеттік тілді дамыту жұмыстары
2. Адамгершілік-рухани және эстетикалық тәрбие беру
3. Қазақстандық патриотизм, отаншылдық тәрбие беру
4. Экологиялық және эстетикалық тәрбиелеу
5. Ұлттық тәлім – тәрбие негіздеріне баулу, халықтық педагогика ұстанымдарын насихаттау
6. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру
7. Құқықтық тәрбие беру. Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті нығайту
8. Экономикалық тәрбие беру
9. Әлеуметтік қолдау көрсету
10. Жас таланттарды дамыту және қолдау
11. Діни сауаттылықты көтеру, студенттер арасында діни экстремизм мен ұлтаралық жанжалдарға жол бермеу шаралары
12. Университет жатақханаларында ұйымдастырылатын шаралар
13. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жол бермеу шаралары
14. Студенттерге психологиялық көмек көрсету
15. Еңбек тәрбиесі
16. Ұлтаралық келісім және толеранттылық тәрбие беру

Студенттермен тәрбиенің адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, ұлт-жандылыққа, адам сыйлағыштыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке, өз ұлтымыздың дәстүрін және басқа ұлттың дәстүріне сыймен қарауға бағытталған салалары бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстар зертханалық сабақ жүргізу кездерінде, емтиханға дайындық кездерінде, қосымша сабақтар кезінде іске асырылды. Біраз жұмыстар аудиториялық сабақтардан тыс кезінде орындалды.

Еңбекке тәрбиелеу мен қоғамдық мүлікке жанашырлықпен және шаруашылық көзқараспен қарау ниеттерін дамыту үшін студенттерді қоғамдық жұмыстарға қатыстырдық. Әрбір сабақ кезінде аудитория тазалығын сақтауға, қоғам мүлігіне (стол, парта, тақта, терезе) қамқор болуына назар бөлдірдік.

Студенттердің Отанымызға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруда қазақ халқының әртүрлі жануарларға деген көзқарастарға және олардың биологиялық негіздеріне түсінік берілді. Осы арқылы табиғатты қорғау,

табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері тереңдетілді. Мұндай пікірлер табиғатты қорғау ісіне тигізетін пайдасы зор – бұл болашақ мектеп мұғалімдері үшін өте қажет. Сабақ кезінде әрбір өсімдіктер тобын зерттеуде Отандық және орыс ғалымдарының еңбектері аталды. Бұл әрі патриоттық, әрі интернационалдық сезім тудырады.

Жүргізілу барысы

Тәрбие жетекшілері жыл басында топша студенттерімен біріге отырып бір жылдық жоспар құрды. Сол жоспар негізінде әртүрлі тәрбиелік шаралар өткізілді. Атап айтқанда тәрбие сағаттары, кездесулер, дөңгелек үстелдер, мерекелік шаралар, ұлттық кітапханаға, мұражайларға, театрларға саяхат т.б тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылды:

а) «Атмосфераны ластанудан қорғау» атты тақырыпта 1 курс 5В011300 «биология» мамандығының студенттерімен топ тәлімгері Саимова Р.У. тәрбие сағатын өткізді.

б) «1 курс студенттерін оқу және ішкі тәртіп ережелерімен таныстыруды» 1 курс 5В060700 Биология және 5В011300 Биология мамандығы студенттерінің тәрбие жетекшілері Загриценко И.П., Джунусова Р.Ж., Саимова Р.У. және Аманбекова Д.М. атқарды.

в) Жатақханаларда университет профессор-оқытушы құрамының кезекшілігі ботаника және жалпы биология кафедрасы №2 жатақханада қараша айында өткізілді.

г) «Жатақхана ережесі мен тәртібін түсіндіру және орындалуын қадағалауды» 1 курс 5В060700 Биология және 5В011300 Биология мамандығы студенттерінің тәрбие жетекшілері Загриценко И.П., Джунусова Р.Ж., Саимова Р.У. және Аманбекова Д.М. атқарды.

д) Қалалық сенбілікке кафедраның барлық тәрбие жетекшілері өз топтарымен 10.10 2015 жылы қатысты.

е) «Валюта нарықтарының ерекшеліктері» атты тақырыпта қараша айында Мусаев К.Л. дөңгелек үстел өткізді.

ж) «Қаражатты үнемдеу және тиімді пайдалану» атты тақырыпта қараша айында Майматаева А.Д. атты тәрбие сағатын өткізді.

з) Биология саласы бойынша өтетін студенттердің ғылыми конференцияларында баяндама жасауға кафедра бойынша қарашаның 19-шы жұлдызында 1-4 курстар арасынан 22 студент қатыстырылды

и) «Жатақханада жататын студенттер арасында этикалық кодекс туралы әңгімелер өткізу және тәртіп бұзушылармен жұмыс жүргізу» жұмыстары қазан айында атқарылды.

к) Сол сияқты, Білім күніне байланысты «Білім таппай мақтанба» атты тақырыпта 1 курс 3 топша 5В060700 Биология мамандығының студенттерімен Аманбекова Д.М. тәрбие сағатын өткізді.

л) Қараша айында тіл мәселесіне байланысты «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты тақырыпта 1 курс 5В011300 «биология»

мамандығының студенттерімен тәлімгер Р.У. Саимова тәрбие сағатын өткізді.

қ) Сонымен қатар 1 курс 5В060700 Биология мамандығының студенттерімен топ тәлімгерлері Джунусова Р.Ж., Аманбекова Д.М. **«Қазіргі жастар тәрбиесі»** атты тақырыпта тәрбие сағатын өткізді.

л) 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен топ тәлімгерлері Саимова Р.У., Джунусова Р.Ж., Аманбекова Д.М. **«Біз Тәуелсіз Қазақстан жастарымыз»** тәрбиелік кеші өткізілді.

м) Желтоқсан айында **«Желтоқсан жаңғырығы»** деген тақырыпта 2 курс 1 топ 2 топша 5В011300 биология мамандығының студенттерімен топ тәлімгері Қауынбаева Э. тәрбие сағатын өткізді.

Сондай-ақ қоғамдық мерекелік іс-шараларға да кафедра ПОҚ-ы белсенді қатысты:

1) қыркүйек айының 13-ші жұлдызында Медеу аудандық әкімшілігі басшылығымен Орталық мәдениет және демалыс саябағында Отбасы күніне орай **«Веселые старты»** отбасылық жарысына Ж.М. Бұқарбаева отбасымен қатысты.

2) қыркүйек айының 23-ші жұлдызында Жамбыл атындағы Мемлекеттік филормонияға **Айман Мұсаходжаеваның** концертін тамашалауға 1 курс 5В060700 Биология мамандығының студенттері қатыстырылды, топ тәлімгері Джунусова Р.Ж.

3) қыркүйек айының 25-ші жұлдызында **«Садықов оқулары»** атты ғылыми-практикалық конференцияға кафедра меңгерушісі профессор С.К. Иманкулова, аға оқытушы Р.Ж. Джунусова қатысты.

4) 6 қазанда **«Ұстаз-білімнің шамшырағы»** атты мерекелік іс шараға Саимова Р.У. эдвайзерлік тобымен 24 студент қатысты.

5) **«Сөздің пірі - Сүйінбай»** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға доцент Мусаев К.Л. қатысты.

6) 21 қарашада Достық спорт кешенінде **Студенттер футбол лигасында** жанкүйер болып кафедра эдвайзерлері Саимова Р.У., Джунусова Р.Ж. топ студенттерімен қатысты.

7) шетел азаматтарымен кездесу миграция туралы жиналысқа Джунусова Р.Ж. қатысты

8) **Жастар арасында діни экстремизм мен лаңкестің алдын алу** мақсатында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері жөніндегі комитет төрағасы Ғ.Н. Шойкин бастаған республикалық ақпараттық – насихат топ мүшелерімен кездесуге доцент Нарымбетова У.М., аға оқытушы Бухарбаева Ж.М. қатысты.

9) **«Бабалар аңсаған Тәуелсіздік»** атты салтанатты іс-шараға доцент Мусаев К.Л., доцент Нарымбетова У.М., аға оқытушылар Байжигитов Д.К., Бухарбаева Ж.М., Атыраубаева Р.Н.

10) 29 қараша «ҚР-ң Тұңғыш Президенті күніне» мерекелік іс-шараға профессор Шілдебаев Ж.Б. қатысты.

11) 30 қараша «Ж.С. Нәжімеденовтің 80 ж. мерейтойына» арналған мерекелік іс-шараға профессор Шалабаев Қ.И. қатысты.

12) 03.12. 2015 кафедрада *Елбасы Жолдауы* талданып, жоспары және хаттамасы өткізілді.

Ботаника және жалпы биология кафедрасында 2015/2016 оқу жылының 1-ші жарты жылдығында осындай көптеген іс-шаралар өтілді.

Жұмыс сапасы

Кафедраның тәрбие жетекшілерінде өздеріне тиесілі топтағы әрбір студенттің толық мәліметтері, олардың бейімділіктері, мінез-құлық ерекшеліктері, оқу деңгейі туралы толық ақпараттары бар.

Кафедраның барлық тәрбие жетекшілері 2015/ 2016 оқу жылының 1-ші жарты жылдығында өздеріне бекітіліп берілген топ студенттерімен жоспар негізінде әртүрлі іс-шаралар жүргізді. Тәрбие жетекшілері жұмыс жоспарын кафедраның, институттың, университеттің тәрбиелік жұмыс жоспарлары негізінде, сондай-ақ топтың мамандық ерекшелігіне орай пікірімен келісе отырып жасады. Топтың тәрбие жетекшісінің жұмыс жоспары кафедра мәжілісінде бекітілді.

Кафедра жанындағы Тәрбие жетекшілері Кеңесінің жұмысы

Кафедра жанындағы тәрбие жұмысының бағыттары мен міндеттері белгіленіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Кафедрада тәрбие жұмысы дұрыс деңгейде болу үшін студенттермен тығыз-қарым қатынаста болуда.

Орын алып отырған кемшіліктер мен мәселелер

Қазіргі кезде орын алып отырған кемшіліктерге келетін болсақ, студенттерге психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету жағы, студенттерге қолдау көрсету мәселесі, студенттердің ата-аналарымен байланыс орнату сияқты мәселелерде кемшіліктер бар екені байқалады.

Жұмыс сапасын жетілдіруге байланысты ұсыныстар

Топ тәлімгерлері тәрбие жұмысын жүргізуде педагогикалық тәжірибені жан-жақты қолдануы қажет. Қазіргі заман талабына сай жастарымыз тек білім нәрімен сусындап қана қоймай, жан-жақты ғылымның әртүрлі салаларын терең меңгерген маман болуы қажет. Сол себепті әр топ тәлімгері студенттер тәрбиесіне баса назар аудара отырып, үлкен жауапкершілікпен қарауы қажет деп кафедра тәлімгерлері өз ойларын білдірді.

Кафедра меңгерушісі

б.ғ.к., проф. С.К. Иманкулова

Кафедра бойынша тәрбие жұмысына жауапты

Джунусова Р.Ж.

